апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 36/576
07 сентября 2018 года
газета издается с 26.06.2004 года

# «АЛТЫН» ҰЯ ЕСІГІН АШТЫ



Жаңға жайлы жаз айы өтіп, дене тоңазытатын күз маусымының басы қыркүйектің басталуы салқын болғанымен, алтын ұя мектептерін сағынған балалар жылы жаққа қайтқан қаз тізбегіндей алтын ұя мектептеріне қарай ағылып бара жатты. Әсіресе биыл мектеп табалдырығын аттайтын бір жапырақтай балақандар мәз-майрам. Бірі әкесінің, бірі анасының қолынан ұстап алып, әңгімесін айтып, бірдеңелерді сұрастырып барады. Ашық әрі жылымық күндегі үстеріне киген мектеп киімдері жаңалығын білдіргендей жылтылдап, өздеріне қона қалған. Бүгін мектепке тарыдай болып кіргенімен, араға он бір жыл салып таудай болып шығатынын әзірше олар байқамайды да. Оларға бүгінгі күн үлкен һәм маңызды мереке. Осынау қызықтың бәрі таусылмайтындай көрінеді. Себебі олар енді болашақтың қатпарлы да қызықты басқышына қадам қояды. «Білім күні» мерекесін ұйымдастырып, өткізудің басты мақсаты – оның үлкен мереке





екенін балаларға жеткізе білу, сезіндіру, білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің тәрбиелі азаматын елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Қаламыздағы № 2 мектептегі «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны белгіленген 9-00 сағатта басталып кетті. Бүгінгі маңызды мерекенің басты себепкерлері – бірінші сыныпқа баратын төрт сыныптың оқушылары сынып жетекшілерімен бірге салтанатты түрде және ойналған әсем әннің сүйемелдеуімен ортаға шақырылды. Еліміздің әнұраны ойналған соң кезек салтанатты жиынның негізгі бөліміне берілді. Салтанатты жиынға құрметті қонақ ретінде қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева және қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалар қатысты. Өтіп бара жатқан оқу жылы № 2 мектеп ұжымы үшін үлкен жетістіктерге толы болған. Мектеп оқушылары қалалық және облыстық білім олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болыпты. Мектеп бітіруші түлектер ҰБТ-ден жоғарғы көрсеткішке қол жеткізген. Мектептің іші-сырты жыл сайын көркейіп, абаттанып, білім сапасы артып келеді. Биылғы жазғы демалыс кезінде мектептегі жазғы спорт алаңына фотбол қақпасы орнатылып, жүгіру жолақтары жасалынған. Қала әкімдігінің қолдауының арқасында мектептің материалдық-техникалық базасы нығайып, биылғы жылы әскери-патриоттық сынып бөлмесі және қыздарға арналған еңбек кабинеттері жабдықталған. Жалпы оқушылардың жаңа заман талабына сай білім алуы үшін мемлекет пен қала әкімдігінен мейлінше барлық жағдайлар жасалынуда екен.

Мектеп оқушылары мен ұжымын, ата-аналарды қала әкімі Қ.А.Камзин, мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы құттықтап, алдағы оқу жылына табыстар мен жетістіктер тіледі. Қала әкімі қаладығы мектептерге әрдайым қолдау көрсетіп, жөндеу және жабдықтау, кабинеттер базасын нығайту мәселесінде көмектесіп отыратындығын, сондықтан оқушылар да соған сай алаңсыз білім алып, оқуда озат, тәрбиеде үлгілі болып, болашақта мықты мамандар болуы үшін жақсы оқулары қажеттігін атап өтті. Мектеп директоры ұстаздар мен оқушылар тарапынан мектепке көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін қала әкімдігіне ризашылық сезімдерін білдірді. 2017-2018-оқу жылында ҰБТ тапсыру бойынша өз пәндерінен үздік және жақсы нәтижелерге қол жеткізген пән оқытушылары арасынан Жанар Жарылқасынқызы Былғарбекова, Узулай Бажарханова, Мария Баймұратқызы Давлетиярова және Жанар Елсүйерқызы Қанатовалар грамоталармен марапатталды.

Салтанатты жиын барысында бірінші сыныпты бастағалы отырған балақайлар



тақпақтар айтып, мектеп оқушылары әннен және биден салтанатты жиын қатысушыларына шашу шашты. Мектептің үздік, үлгілі және белсенді оқушысы, қалалық һәм облыстық конкурстардың жүлдегері Нұрасыл Арыстанбеков өзінің шығармашылығынан жыр оқып берді. Мектептің биылғы алғашқы қоңырау соғу рәсімі жылдағыдан ерекшелеу әрі балалар үшін қызықты, көңілді болды. Масқарапаздар үлгісінде киінген мектептің екі қызметкері ортаға шығып, балаларға ертегі әлемінен сахналық қойылым көрсетіп, «Жаңа оқу жылы жемісті, мерейі үстем жыл болсын, шәкірттеріміз өрісті, елім дер қыз бен ұл болсын, бүгінгі мектеп табалдырығын аттағалы отырған бірінші сынып оқушыларына сәтті қадам, таудай талап берсін», – деген ұран аясында екі масқарапаздың ортасында мектеп табалдырығын аттап жатқан оқушы алғашқы қоңырауды соғып, алаңды айналып өтті. Жиын соңында оқушылар алғашқы тәрбие сағаты мен тақырыпиық дәрісін өту үшін сынып бөлмеріне аттанып, бірінші сыныпқа баратын оқушылар тиісті шараларды орындау үшін алаңда қалды.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.**

***Суреттерде: «Алғашқы қоңыраудан» көріністер.***

***Суреттерді түсірген автор.***

*1 қыркүйек – Білім күні*

# АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ

Үстіміздегі жылдың 1-қыркүйегі күні еліміздегі барлық мектептеріндегідей біздің қаламыздағы № 1 жалпы білімдік орта мектепте де алғашқы қоңырау салтанаты болып өтті. Оқу ордасының алаңына жиналған оқушылардың құшақтарында гүл шоқтары, ал жүздері балбұл жайнайды. Балаларын 1-сыныпқа алып келген ата-аналардың қуаныштарында шек жоқтай: бүлдіршіндерін айналып, қызықтарына тоймай жүр.



Жүргізушілер салтанатты жиынды ашқаннан кейін, ортаға 1-сынып оқушылары шақырылды. Алғашқы құттықтау сөз қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге берілді. Қала әкімі оқушылар мен ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, оқушылар мен ұстаздарға табыстар тіледі. Одан кейін сөз алған мектеп директоры Жұмаханова Панар Айдарханқызы мектеп оқушыларының өткен оқу жылында қол жеткізген табыстарына тоқтала келе, бастал-ған оқу жылында да табыстарға жетуге тілек білдірді. Одан соң, ҚР Қарулы күштерінің Приозерск гарнизонының өкілдері әскери-патриоттық сайыстарға қатысып, белсенділік көрсеткен жоғарғы сынып оқушыларына мақтау қағаздарын тапсырды.



Келесі кезекте оқушылар әсем ән шырқап, жас бүлдіршіндер тақпақтарын айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Салтанатты жиынның соңын ала бере алғашқы қоңырау үні сыңғырлап, баршамызға жаңа оқу жылының басталғаны туралы жар салғандай болды.

Салтанатты жиынға, сонымен қатар, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева және қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалар қатысты.



**Б. Алшынбекұлы**

***Суреттерде: Алғашқы қоңырау салтанатынан көріністер***

Р У Х А Н И  Ж А Ң Ғ Ы Р У

# ТІЛІ БАСҚА- ТІЛЕГІ БІР, ЖҮЗІ БАСҚА ЖҮРЕГІ БІР

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев 2017 жылдың 31 қазаны күні «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» № 689 ҚР Үкіметінің қаулысына қол қойды. Бір қуантарлығы айтулы мерекелердің арасында Қазақстан Халқы тілдері күні 5 қыркүйекте тойланатын болып белгіленді.



Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн - "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл" деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Енді барша қазақстандықтар қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесін тойлайтын болады.

"...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді" деп Сәкен Сейфуллин баға берген қазақтың асыл ұлы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні Тіл мерекесімен қоса тойланатыны қалың қазақ үшін өте қуанышты жағдай болмақ.



2018 жылдың 5 қыркүйегінде Приозерск қаласының ішкі саясат мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған **«Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір»** атты мерекелік концерт өтті. Мерекелік бағдарламаға қаламыздың мектеп оқушылары мен бөбекжай бүлдіршіндері тіл мерекесіне ала келген өнерлерін көрсетті. Шынында да бекер айтылмаған: «Басқа халықтың тілін зерделей отырып, оның мәдениетімен танысасың!». Көрермендер ұйымдастырылған шараға риза болып, алғысын білдірді.

**Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі**

*Коррупции – нет!*

# ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ – ОБЯЗАННОСТЬ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА

Одно из главных направлений государственной политики – борьба с коррупцией. Все государства мира сталкиваются с таким злом, как «коррупция». Более того, в современных условиях коррупция постепенно превращается из внутригосударственной проблемы в глобальную проблему. Сейчас все страны, включая самые передовые, пересматривают свои модели борьбы с коррупцией с учетом новых вызовов, принимают новые законы и нормы об ужесточении ответственности за коррупцию. По уровню антикоррупционной деятельности Казахстан занимает одну из лидирующих позиций среди стран СНГ. Сегодня действует абсолютно новый закон, который называется Закон РК «О противодействии коррупции», внесено множество поправок в процессуальное законодательство, ужесточена ответственность за коррупционное правонарушение (конфискация имущества, пожизненное лишения права занимать должности на государственной службе и.т.).

Для реализации указанных новшеств законодательства, создан новый государственный орган, работа которого направлена на искоренение коррупции – Национальное бюро по противодействию коррупции. В сознании граждан нужно культивировать абсолютную нетерпимость к любого рода коррупционным проявлениям. Для этого нужно постоянно вести масштабную антикоррупционную пропаганду в средствах массовой информации, с публикацией наглядных жизненных примеров.

На сегодняшний день, в Казахстане борьбе с коррупцией придан общегосударственный статус, ведется широкомасштабная антикоррупционная компания совместно с общественными и политическими силами по пресечению и ограничению проявлений коррупции. Борьба с коррупцией в Казахстане определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики. Какие бы аспекты борьбы с правонарушениями не обсуждались на самых разных уровнях, обязательно одним из характерных признаков ее размаха является коррупция.

Президент Республики Казахстана Н.А.Назарбаев, говоря о борьбе с коррупцией, неоднократно подчеркивал, что без участия общества нельзя победить коррупцию и для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена главой государства.

Так же, со взяточничеством в стране ведет борьбу и политическая партия «Нур Отан» (по поручению Президента "Нур Отан" разрабатывает программу «10 сокрушительных ударов по коррупции»). При партии созданы республиканский и региональные общественные советы по борьбе с коррупцией, в которые уже поступило около 5000 обращений граждан. Более трети из них получили полное или частичное положительное разрешение.

Также, главой государства Назарбаевым Н.А. введен пожизненный запрет на занятие любых должностей в государственных органах и организациях для лиц, ранее уволенных с работы за совершение коррупционного правонарушения. Все должны помнить, что совершившие какое-либо противоправное действие полностью лишаются всех привилегий. Проблема борьбы с преступностью и коррупцией ежегодно освещается в Посланиях Главы государства народу Казахстана. Так, в Посланиях «Новое десятилетие – Новый экономический подъем – Новые возможности Казахстана» и «Построим будущее вместе» определены основные приоритеты в сфере повышения эффективности деятельности правоохранительной системы путем ее оптимизации, смещения акцентов в сторону защиты прав граждан и интересов государства, а также обеспечения бескомпромиссной борьбы с коррупцией. одной из важных задач, поставленных Президентом Республики Казахстан является совершенствование антикоррупционного законодательства: «Необходима глубокая «инвентаризация» законодательства, регулирующего различные сферы экономики, государственного управления, в том числе и правоохранительную деятельность». Совершенствование антикоррупционного законодательство закреплено в Плане нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ.

**Коррупция - глобальная проблема общества, и поэтому мы должны бороться с ней вместе!**

**Е. БЕКМУРЗИН,**
***Руководитель Приозерской ГТИ КГИ в АПК МСХ РК***

# ГУМАНИТАРНОЕ ЗНАНИЕ. 100 НОВЫХ КНИГ



Реализация проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» позволит создать условия для полноценного образования студентов по истории, политологии, социологии, философии, психологии, культурологии, филологии.

Данный проект даст возможность нашим ученикам и студентам учиться по лучшим мировым образцам и расширить познания по данным направлениям науки. Колоссальная работа над 100 новыми учебниками укрепит школу переводчиков и редакторов Казахстана, придаст новый импульс развитию этой сферы. Благодаря этой программе сотни тысяч студентов Казахстана приобретут новый качественный уровень подготовки. Уверена, эти книги будут полезны не только для молодежи, но и для широкого круга преподавателей, исследователей.

Перевод книг на казахский язык даст возможность подойти к изучению и преподаванию данных сфер наук с другого ракурса.

**Хадиша АУБАКИРОВА,**
***к.и.н., заведующая кафедрой КазАТУ им. Сейфуллина***

*Воспитание детей – дело общее*

# ПАТРОНАТНОЕ ВОСПИТАНИЕ

**Патронат -** форма воспитания, при которой дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, передаются на патронатное воспитание в семьи по договору, заключаемому органом, осуществляющим функции по опеке или попечительству, и лицом, выразившим желание взять детей на воспитание.

Если же вы считаете более приемлемым воспитывать ребенка без обретения родственных и имущественных прав, то в этом случае необходимо выбрать патронат. Отношения с ребенком в этом случае регулируются договором с органом опеки и попечительства, а патронат осуществляется на возмездной основе и определенный срок. При этом вы не обязаны содержать ребенка за свой счет, более того вам также будет выплачиваться заработная плата.

Патронатный воспитатель получает заработную плату вдобавок к выплатам, предназначенным ребенку, со дня вынесения решения о назначении денежных средств на основании заключения между патронатным воспитателем и органом опеки и попечительства Типового договора о передаче детей на воспитание под патронат.

Патронатное воспитание детей подходит многим парам и семьям. Патронат дает возможность ребенку воспитываться в теплой семейной атмосфере, а патронатным воспитателям заботится о ребенке и взрастить в нем лучшие человеческие качества. Патронатное воспитание - это также шанс выполнить свой социальный долг, помогая вырасти одному ребенку в благоприятной семейной обстановке.

Главное преимущество патроната в том, что ребенок, попадая в семейное окружение, получает полноценный уход, заботу и внимание, приобретает опыт проживания в семье, навыки самостоятельной жизни. Подобная форма позволяет вполне реально планировать дальнейшую судьбу многих детей, лишенных родительского попечения. Основная цель данной формы – социализация ребенка, получение опыта жизни в семье.

В целях реализации права каждого ребенка жить и воспитываться в семье, граждане выразившие желание взять ребенка на патронатное воспитание просим обратиться в ГУ «Отдел образования г.Приозерск» по адресу: г.Приозерск ул.Достык 23, телефоны 54190 и 52962.

**Медетбекова А.А.,**
**зав.сектором ГУ «Отдел образования г.Приозерск»**

# БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

**Коррупция, как негативное явление, знакома всем странам мира. Известно также, что подлинного экономического процветания достигают лишь те государства, где коррупционные явления сведены к минимуму. Было бы ошибочно понимать под коррупцией банальную взятку, которая является только одной из разновидностей этого преступления.**

Коррупция сегодня — это получение материальных и юридических преимуществ путем обхода законов в своих интересах, это и решение локальных частных проблем за счет «своих» людей. Коррупция - это ни что иное, как использование государственных функций в частных интересах, которые, как правило, идут вразрез с интересами общества, интересами национальной безопасности государства.

И главное - это существование таких неоспоримых негативных последствий коррупции, как: снижение качества госуслуг, создание предпосылок для роста теневой экономики, укрепление позиций криминальных структур, международного терроризма и экстремизма.

Коррупция оказывает разлагающее влияние на все сферы общества: экономику, социальную сферу, политику, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному, поступательному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности.

Проблема коррупции в современных условиях превратилась в проблему мирового масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой.

Словом, коррупция — проблема экономическая, юридическая, социальная и этическая.

Коррупция всегда высока, когда страна находиться в стадии модернизации. Казахстан переживает сейчас не просто модернизацию, а коренное изменение общественных, государственных и экономических устоев. Происходящие в настоящее время в казахстанском обществе процессы, характерные для становления молодого независимого государства, актуализируют необходимость усиления противодействия коррупционной преступности.




Мировая практика показывает, что коррупция является неизбежным атрибутом стран переходного периода. В Казахстане – это, прежде всего, связано с рядом объективных причин, таких, как: экономические, институциональные и социально-культурные причины.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что в нашем обществе нет места коррупции. Добиться эффективного противодействия этому явлению можно только, объединив усилия всех институтов гражданского общества. Только так мы сможем реализовать национальную идею вхождения в число наиболее конкурентоспособных государств.

**Нурмаганбетова Б.М.,**
***Руководитель отдела налогового контроля УГД по г.Приозерск***

*О религиозном экстремизме*

# ОТКАЗ ОТ МАЗХАБОВ – МУСУЛЬМАНСКАЯ ЭПИДЕМИЯ

Анализ идеологии и практики радикальных религиозных организаций помог выявить несколько основных признаков их деятельности. Таковыми признаками являются:

**-** агрессивность по отношению к действующим политическим институтам, что способствует проявлению в исламе фитны (хаоса, смуты), являющейся греховным проявлением;

- применение метода «такфира» (обвинение в неверии и провозглашение объекта неверия «кафиром») по отношению к существующим политическим институтам и историко-культурным устоям общества, отторгая и обвиняя их как «неисламские», т.е. «общество кафиров или общество периода джахилийа». То же самое относится и к простым рядовым мусульманам, которые в этом случае также рассматриваются как «кафиры», «мушрики» и пр.;

**-** трактовка положений джихада в его односторонней форме, как «священной войны против кафиров» – джихад меча;

**-** непризнание четырех мазхабов ислама (религиозно-юридических школ – ханафитской, маликитской, шафиитской, ханабалитской) т.е., непризнание богатого исламского наследия – его мазхабной формы;

**-** использование приемов психологической и семантической манипуляций, гипноза, кодирования, психотропных препаратов, подтасовки фактов.

**-** создание четкой иерархизированной организации, единолично подчиняющейся своему лидеру (в особенности, в форме «учитель-ученик»), когда лидер превращается в своего рода «святого» для остальных членов организации (мессианский характер).

Активное и умелое использование радикалами этих положений являются средствами для манипуляции общественного сознания, для вербовки людей. Очевидно, что борьба с религиозным экстремизмом и терроризмом может быть эффективной только с позиций традиционного классического ислама, противопоставленного в своей основе этой экстремистской идеологии.

Одним из негативных признаков является непризнание четырех мазхабов ислама (религиозно-юридических школ – ханафитской, маликитской, шафиитской, ханабалитской) т.е., непризнание богатого исламского наследия – его мазхабной формы, о чем пойдет речь в нашей статье.

Что такое мазхабы. Огромное творческое и интеллектуальное наследие ислама для понимания простых верующих является делом трудным. Это подобно степи, где растут много трав, являющихся полезными, а в отдельных случаях, в результате неправильного применения, ядовитыми для человека, и некоторые люди (в нашем случае муджтахиды), знающие эти травы, нам изготавливают готовые лекарства, которые мы применяем для излечения от конкретной болезни по назначению. Точно также и мазхабы - это готовые рецептуры для людей, направленные на решение возникающих проблем, на основе ислама. Мазхабы - это своеобразный итог интеллектуального и творческого наследия ученых ислама.

В данном случае отрицание мазхаба - это отрицание богатого культурного и интеллектуального наследия ислама, т.е. отрицания ислама.

Другая особенность мазхабов - это умение сочетать исламские традиции и, не входящие с исламом в противоречие, некоторые местные традиции.

Так наш ханафитский мазхаб за период своей эволюции, как раз-таки сумел сгладить эти противоречия. Он был вплетен в традицию казахов и является его системообразующим каркасом. Ханафиты, равно как и матуридиты, отстаивали этот каркас, как защиту от всяких чуждых новых заблуждений. Например, Абу Ханифа говорил, что любая негативная характеристика сахабов (сподвижников Пророка) может вывести человека из религии. Вспомните, как во времена имама Матуридийа в 943 г. за одну ночь из Бухары выгнали всех исмаилитов...

Чтобы разрушить наше государство, враги, прежде всего, стремятся нанести удар по ханафитскому учению. Кто-то делает это извне, называя ханафитское учение бидой (нововведением), кто-то изнутри, преподнося свое ложное учение за ханафитское. При этом и те, и другие выполняют одну задачу - сломать ханафитское учение. А некоторые доверчивые мусульмане попадаются на эту удочку.

Преимущества ханафитского учения очевидны - это вытекает и из исторического его доминирования, и из мощной теологической платформы. Просто это нужно грамотно донести до людей. Например, с позиции ханафитского учения можно четко и доступно объяснить основные заблуждения радикалов в таких сложных вопросах как, например, что такое амал (деяния), входит ли амал в иман (веру), что такое иман (вера), дать верную трактовку понятия "тагут" (идолопоклонничество) и т.д.

Глава государства Н. Назарбаев в одном из своих выступлении сказал: «**Исламская религия – это одна из духовных опор нашего народа». Также и в стратегии «Казахстан 2050» подчеркнуто: «Мы гордимся тем, что являемся частью мусульманской уммы. Это наши традиции»**.

А в принятом законе «О религиозной деятельности и религиозных организациях» (от 2011 года) особо сказано, что «**Республика Казахстан признает историческую роль ислама ханафитского направления в развитии культуры и духовной жизни народа»**.

Самое главное Президент страны Н.Назарбаев в определении для мусульман религиозных установок, подчеркнул, что мы являемся «**суннитами ханафитского мазхаба»**. Эти слова Президента являются столь важными и нужно понимать цену этих слов.

Далее, Президент страны Н.Назарбаев в продолжение этой мысли сказал, что мы должны ценить тот ислам, который призывает к проявлению патриотизма, истиной веры, и подчеркнул, что надо «***следовать заповедям, но не ударяться в крайности… Во исполнение святых заветов Корана, развитие и процветание религии должно идти по пути оказания помощи немощным, сопереживания, братства, уважения к старшим, воспитания детей, защиты Родины и народа, призыва к единству. Только так религия может проявить заботу о государстве и принести пользу. Тогда она будет служить единению народа.***»

**Асылбек Избаиров**
***доктор исторических наук, профессор кафедры религиоведения Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева***

*Ұрпаққа ұлағат*

# КЛАСБЕК КҮЙШІ

***«Ел іші – өнер кеніші» демекші, Өзбекстан Республикасының Тауелібай аймағында тумысынан өнер дарыған, қасиетті домбыра шанағынан күй мен жыры төгілткен дарында жандар көп болған. Соның бірі кезінде Тамды ауданынан бөлініп шыққан Үшқұдық ауданында тұрған Класбек күйші еді. Клекеңді қазір біреу білер, біреу білмес деген оймен дәулескер күйші туралы әңгімені өскелең ұрпақ біле жүрсін деген мақсатта газет оқырмандарының назарына ұсына кетуді жөн көрдік.***

«Танымайтын кісілер қарапайым қара шал еді дер, қадірін білген кісілер тектіден туған жан еді дер» демекші, бүгінгі әңгімеге арқау болып отырған майталман жырау Класбек ата туралы бір үзік сыр деп қабылдаңыздар. Класбек Оразалыұлы Тауелібайда көзі тірісінде дәстүрлі ән мен күй өнерін қатар насихаттап жүрген, Тауелібайда өткен Базар жыраудың 150 жылдығында тойдың тұсаукесерін күймен ашып берген өнер саңлағының бірі еді. Соның айғағы ретінде айта кететін жайт, сонау Алматыдан әдебиет зерттеушісі, тауелібайлық Шәрібек Алдашев екі мәрте іздеп келіп, Класбек атаның миында да, қағазға да сақталған, атадан-атаға өтіп келе жатқан біраз Тауелінің ескі ақын-жырауларының мағлұматтарын жазып алған. Сонымен бірге 1980-жылдары сонау Алматыдан жазушы, аудармашы, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Көбей Сейдеханов іздеп келіп, Үшқұдық ауданы Жүзқұдық ауылындағы Көнтай ауылына келіп, сол ауылда мектеп мұғалімі болып істеуші Тағамұрат аға мен Сауина апаның үйінде бір аптадай болып, Класбек жыраудың ескі күйлері мен дәстүрлі әндерінің біраз мағлұматтарын жазып алған екен. Көбей Сейдеханов Класбек атаның өнеріне тәнті болып, «Сіздің орныңыз Алматы ғой» деп алып кетпекші болған екен. «Мен 12 жасар бала едім, бәкене ғана, пәс үйде тұратын едік. Соған намыстанып, көке, Алматыға барып тұрайықшы,- деп жалынғаным есімде», дейді Класбек атаның үлкен ұлы Шәрібек. Көбей Сейдеханов төрде ілулі тұрған Класбектің әкесі Оразалы қобызшының қобызына көзі түсіп, ол қобызыдың үш ғасырлық тарихы барын, жын байлаған атақты Кетебай қобызшыдан қалған қобыз екенін есіткен соң, музейге қоюға сұраған екен. Бірақ, Класбек ата ол кісінің ұсыныстарынан бас тартыпты. Бұл жайында Клекеңнің келіні былаша еске алады: «Мен келін болып түскен соң осыларды әңгіме ете қалса»:

– Неге келісе салмағансыз? -деп сұрайтынмын. Сонда қайын атам бір күрсініп алып:

– Еее... балам, мен домбыраны төрт жасымнан ұстадым. Балаң жігіт уақытымда Өтекеңмен (Өтеп жырауды айтады) бірге тойлап жүрген кезімде бір күні түс көрдім. Түсімде қолына домбыра ұстаған ақ сақалды қария бір топ аттылы адамдармен келіп, «балам, бізбен бірге жүр» дейді де, шауып кетеді, мен шұбар атқа мінемін де арттарынан қосыла шабамын. Біраз жерге дейін бірге шауып барып, артыма қарасам қарақұрым үйімді көремін, үйімді көремін де қимай қалып қоямын. Әлгі атты қариялар тағы да қайтып шауып келіп, ілгесіп шабуымды сұрайды. Тағы да сол жағдай, шауып барып, артыма қараймын да, қалып қоямын. Солай, балам. Шұбар ат менің өмір бойғы еңсемді көтертпейтін ауруым екен, қарақұрым үйім балаларым екен, ал, әлгі шалдар Құрманғазы бастаған күйшілер тобының аруақтары мені желеп-жебеп, үлкен сахнаға шақырған екен. Міне, енді сол науқастан өмірбойы шыға алмай, өнерімді өркейте алмай қарақұрым болып қалдым, - дейтін.

2002-жылы Үшқұдық ауданының әкім орынбасары Байназарова Мария ханым бастаған бір топ Үшқұдық белсенділері, «Орион» телехабарының басшысы Т.Корниенко, Әділбай Шілманов тағы біраз басшылар топталып, Клекеңе сәлем бере келіп, өнерін Үшқұдық және Навоий телекөрсетілімдерінде көрсеткен еді. Төменде Көбей Сейдехановтың жинақтаған Алматы қаласы 1985 жылы «Жалын» баспасынан жарыққа шыққан «Бабалар сөзі» жүз томдық кітабының «Күй аңыздары» 84 томына Класбек ата енген екен. Сол кітаптан алып, назарларыңызға жариялап отырмын. Оразалиев Класбек (1933) – домбырашы, күй аңыздарының білгірі. Өзбекстан, Науаи облысының Үшқұдық ауданында дүниеге келген. Репертуарында жүзден астам күй бар. Әсіресе Сыр бойындағы, үстірт, Маңғыстау атырабындағы жыр-термелер мен



толғаулардың сарынын күйге айналдырып тарту дәстүрін терең меңгерген. Тосын тыңдаушы тап басып тани бермейтін, тіптен құлақ қаныққпаса, бір сарын болып естілетін осынау мейлінше қызықты күйшілік мектептің ел ішіндегі ең жарқын өкілдерінің бірі деп Класбекті айтуға болады. Балқы Базар, Көшкінбай жырау, Бала жырау, Дүр оңғар, Шораяқтың омары, Кете Жүсіп, Әкімкерей, кетеніц қос жүйрігі атаған Сүйкімбай мен Сүйіндік сияқты жыршы-жыраулардың сарынсаздарын, әндерін Класбек бас-аяғы бүтін күй деңгейінде тартады. Класбектің ұстазы белгілі домбырашы Жүсіп Жайықбаев болған. Ал, Жүсіп өз тұсында республикамызға танымал күйші ретінде 1936-жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне қатысқан. Қалай болғанда да осындай өнер саңылақтары ел жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа өнеге болып жалғаса берсе екен! (Толық дерек теміртаулық ұстаз Ондасын Оразовтың парақшасынан қаламыздағы ұстаз Орынбек Әйтпенбетов арқылы алынды).

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

***Тілден биік асқар жоқ, Тілден асқан байлық жоқ,***
***Тілден терең теңіз жоқ.***
***Ғ.Мүсірепов***

# ҚАЗАҚ ТІЛІ - МЕНІҢ ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕМ

Қазақ тілі – еліміздің мемлекеттік тілі ретінде Конституцияда заңдастырылған. Мемлекеттік тілімiздiң қолдану кеңiстiгi барған сайын ұлғайып, қоғамдық қарым-қатынас тiлiне айналып келедi. Елбасымыздың «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де қолданылуы үшін бәрін істеу қажет» – деп айтқан пікірі барша қазақ елінің нақты мақсаты болуға тиіс. Мемлекеттік тіл – татулық пен бірліктің тірегі. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Тілді үйрену - өз ұлтыңды тану. Бай қазынаны игеру үшін қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады.

Қазақ тілі – елдің қазынасы. Қазақтың тілі – шексіз мұхит секілді, күллі әлемді қамтыса да бояуы оңбейді, әлемдік тілдермен теңестіре қалса, ноқтасын бермейтін ұлы тіл. Ұлтымыздың асыл қасиеті мен тектілігін дәріптеп, жеткізуші де осы мемлекеттік тіліміздің арқасында жүзеге асуда.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде: «Ана тілінен артық қазақ үшін, бұл дүниеде де қымбат не бар екен!» - дегені болатын. Қандай тауып айтылған ұлағат! Әрбір отбасы - өз алдына бір кіші мемлекет. Адам өз ұрпағы үшін өмір сүреді, ұрпағымен мың жасайды. Әр жас тұлға тәрбиені алдымен отбасынан алады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп ұлағатты ой саптау да, уыз тәрбиенің ықпалының құнын байыптап береді. Жас бөбектер кеудесін тіктемей жатып, туған тілімен сусындаса, сол тілдің арқасында елдің тарихын, шежіресін, сөз киесін түсініп, ұлттық құндылықтардың бәрін есітіп, көңіліне тоқып өседі. Сондай ортада есейген тұлға, өз тілінің де, өзге тілдің де бағын аша біледі. Қазақтың тілі – тектіліктің тұғыры, ол ұлттық намыс пен рухтың қайнар көзі.



Ана тілді жетік меңгермеген ұрпақ, қазақы мінездің қадірін аяқ асты етеді. Туған елінің, өскен ортаның тектілігіне көзін жеткізе білген жан, ешқашан аңғалдыққа жол бермейді. Ата тарихты айызы қанып жетік білген қаны таза әр қазақ, «Мен қазақ болып туғаныма қуанамын», - деп мақтанышпен жар салып жатса, шіркін! Қазақ тілі дәл сондай сезімге лайықты тіл! Менің жүрегім үнемі осындай мақтанышпен соғады. Әр қазақ жалғызым деп ана тілін аяласа, елдің мәртебесі асқақтап, есері көбейеді, ұрпақтың жұлдызы биікте жанады. Мәңгілік ел болуды мұрат еткен елбасымыз келер күнге көрегендікпен болжам жасайды. Ұрпақтың сауаттылығы мен парасаттылығы, қазақ елінің ертеңіне шексіз пайдасын тигізетінін күмән келтірмейді. Бұл қазақ тілінің әлемдік қарым –қатынас тіліне айналуына себепші болса игі.Тегіміздің тегін еместігі, тіліміздің өшпейтіні ақиқат. Қазақ тілі туған тілім екендігіне өте қуаныштымын және мақтан етемін.

**Г.И.Исиркова,**
***«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК тәрбиешісі***

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС!

**«Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі келесі бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы» КМҚК директоры Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайы» ҚМКК орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі 7а үй, тел. 8 (71039) 54529. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары педагогикалық білімі және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілінің 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Конкурсқа жіберілген үміткерлер белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысуға жіберілген адамдар тізімдері бекітілген соң он күнтізбелік күн ішінде Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23, 3 кабат 6 кабинет, мекенжайы бойынша «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде әнгімелесуден өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініш; мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; еркін нысанда жазылған өмірбаян; білімі туралы құжаттардың көшірмелері; еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін; бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Құжаттар БАҚ ресми басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде келесі мекенжайға тапсырылуы тиіс: Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23, 6 каб. (үшінші қабат), байланыс телефоны 8 (71039) 54190.

## ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!

**ГУ «Отдел образования г.Приозерск» объявляет конкурс на занятие вакантной должности:**

Директор КГКП «Ясли-сад «Балбөбек» г.Приозерск». Местонахождение КГКП «Ясли-сад «Балбөбек» г. Приозерск» 101100, Карагандинская область, города Приозерск, улица Кисунько 7а, тел.8 (71039) 54529. Требования к квалификации: высшее педагогическое образование и стаж педагогической работы в дошкольных организациях - не менее 5 лет.

Кандидаты, допущенные к участию в конкурсе, проходят собеседование в установленном порядке в ГУ «Отдел образования г.Приозерск» по адресу: г.Приозерск, ул.Достык, 23, каб. 6 в течение десяти календарных дней после утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе.

Документы, необходимые для участия в конкурсе: заявление об участии в конкурсе; резюме на государственном и русском языках; автобиография в произвольной форме; копии документов об образовании; копию документа, подтверждающую трудовую деятельность; справка о состоянии здоровья. Документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней со дня опубликования объявления о проведении конкурса в СМИ по адресу: г.Приозерск, ул.Достык, 23, каб.1 (3 этаж), конт.тел. 8 (71039) 54190.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қалалық мәслихаттың VI шақырылымының кезекті XXIII сессиясы 2018 жылдың 20 қыркүйегінде сағат 11.00- де өтеді.**

**Сессия күн тәртібінде:**

1.Приозерск қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі.

2.Қаланың 2018-2019 жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі.

3. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының Приозерск қаласында іске асырылуы туралы есебі.

4. «Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі.

5. Қала әкімдігінің мемлекеттік қызметтер көрсету туралы жұмысының есебі.

6.Приозерск қаласында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі.

7. Әртүрлі мәселелер.

**Сессия төрағасы** **Г.Мондыбаева**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Очередная XXIII сессия городского маслихата VI созыва проводится 20 сентября 2018 года в 11.00 часов.**

**В повестке дня:**

1. Отчет акима города Приозерск о выполнении возложенных на него функций и задач.

2. Отчет о поготовке города к отопительному сезону 2018-2019 годы.

3.Отчет о реализации Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 - 2020 годыв городе Приозерск.

4.Отчет о проделанной работе отдела жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции за 2017 год.

5.Отчет о работе по оказанию государственных услуг акиматом города Приозерск.

6.Отчет о проделанной работепо противодействию коррупций в городе Приозерск.

7. Другие вопросы.

**Председатель сессии** **Г.Мондыбаева**

## И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А







## Н А С Л Е Д С Т В Е Н Н О Е Д Е Л О

Открыто после смерти Ершебаевой Ушги Нурабековны, умершей 22 апреля 2018 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 87751627005

***

Открыто после смерти Серикбаева Назарбека Исаевича, умершего12 июня 2018 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 87751627005

***

Открыто после смерти Горловой Рамзии Равильевны, умершей 11 января 2018 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 87751627005

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 36/576. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*